

Дәріс 6
Жеке дара ұдайы өндіріс
теориясының негізі

Кәсіпкерліктің мәні, субъектілері және объектілері.

- Экономиканы тұрақтандыру және нарықтық өзгерістерді жүзеге асыру көп жағдайда кәсіпкерліктің дамуымен байланысты болады. Кәсіпкерліктің экономикалық мәнінің мазмұны шаруашылық іс-әрекеттің әртүрлі жақтарын сипаттаудан көрініс алады.
- Кәсіпкерлік өз бастауын ғасырлар тереңінен алып жатыр. «Кәсіпкерлік», «кәсіпкер» ұғымдары ежелгі арабтарда пайда табу, кіріс, мамандық, тіршілік, шаруашылық мағынасында орын алған. Атақты араб ғұламасы Ибн-Халдун кәсіпкерлікті адамдардың өз мүмкіндігі мен адал еңбегі арқылы молшылыққа кенелу іс-әрекеті деп бағалаған.

- Кәсіпкерлік мәселесіне экономикалық теория XVIII ғасырлар кезеңінде көңіл аудара бастады. А.Смиттің пікірі бойынша кәсіпкер – ол меншік иесі ретінде пайда болу және бір коммерциялық идеяны жүзеге асыру үшін тәуекелге бара алатын адам, сондай–ақ ол өзі өндірісті жоспарлайды, ұйымдастырады және оның нәтижесіне иелік етеді деп түсінген.
- Ал Ж.Б.Сэй кәсіпкерді өндіріс факторларын қиыстыра (ұштастыра) алатын экономикалық агент ретінде қарастырған.

Қоғамдағы кәсіпкерліктің табысты болуы келесі экономикалық жағдайларға:

1. күшті жеке меншік секторының
2. бәсекелестік ортаның
3. монополияға қарсы заңдардың болуына
4. шағын және орта бизнесті мемлекеттің қолдауына байланысты болады.

Кәсіпкерліктің іс-әрекеті – кәсіпкерліктің тұлғалары жеке тұлғалар, әр түрлі ассоциациялар (акционерлік қоғамдар, арендалық ұжымдар, кооперативтер және мемлекет) бола алады. Бұл жерде біз кәсіпкерлік пен меншік субъектілері арасындағы тікелей байланыстардың барын байқауымызға болады. Бірақ та кәсіпкерді меншіктің субъектісі ретінде қарастырғанда, кез келген меншік иесі кәсіпкер бола алмайтындығын ескеруіміз керек.

- Іс-әрекетпен шұғылданатын кәсіпкер әрқашанда меншіктің субъектісі болып табылады. Сонымен қатар, меншік иесі кәсіпкер болмаса да табыс алуы мүмкін (меншік иесінің арендатордан алатын табысы).
- Шаруашылық субъектілердің кәсіпкерлік іс-әрекеті әртүрлі өндіріс факторларын пайдалану арқылы өнім өндіруін және тиісті табыс табуға бағытталған.

Кәсіпкерліктің негізгі белгілері.

- Шаруашылықты жүргізу әдісі ретінде кәсіпкерліктің бірнеше белгілері бар. Оның негізгі белгісіне шаруашылықпен айналысатын субъектілердің дербестілігі мен тәуелсіздігін жатқызуға болады.
- Кәсіпкерліктің тәуелсіздік белгісі кәсіпкерге заңдарға қайшы келмейтін іс-әрекет жасауына еркіндік береді. Яғни, ақша қаржысы және бір істі бастайтын деген ниеті бар адамдар меншіктің белгілі бір формасына негізделген өз өндірісін (жеке немесе ұжымдық) ұымдастыруына құқылары бар. Сондай-ақ, нарықтан қанша және қандай өндіріс факторларын сатып алатындығын, қанша және қандай мөлшерде өнімдерді өндіретінділігін, кімге және қандай бағамен сататындығын кәсіпкер нарықтың конъюктурасына қарай дербес өзі шешеді.

Дербестілік экономикалық ынталық принципі мен тікелей байланысты. Кәсіпкерліктің бұл белгісі кәсіпкерді табысты барынша көп алуға ынталандырады және кәсіпкерліктің дамуының негізгі қозғаушы факторы болып табылады. Көп жағдайда осы мол табысты алу үшін өндіріс ұйымдастырылады және оның көлемі ұлғайтылады. Сонымен қатар, кәсіпкер нарықтық экономиканың негізгі субъектісі ретінде өзінің ерекше мүддесі үшін, қоғамдық мақсатқа жету жұмыс істейді-бұл товар өндірісінің диалектикасы. (бұл жағдайға кезінде А. Смит назар аударған). Мысалы Г.Форд кезінде автокөлік шығара бастағанда, ол бара-бара автокөлік империясын құрғаны бәрімізге мәлім.

- Кәсіпкерлікке шығармашылық ізденіс, жаңашылдық белгілері тән. Себебі шиеленіскен бәсеке жағдайында ешнәрсені өзгертпей тек бағаны өсіру есебінен пайда аламын деуге болмайды. Бәсеке күресінде өнімнің сапасына, оның ассортиментіне көп көңіл бөлгендер ғана және өнімді неғұрлым аз шығынмен өндіргендер ғана жеңіп шығады. Ол үшін тауар өндірушінің назарында жаңа технология, өндірісті ұйымдастырудың алдыңғы қатардағы әдістері болуы керек.

- Кәсіпкерліктің тағы бір белгісі – шаруашылық тәуекелділік пен жауапкершілік. Бұл екі ұғым бір-бірімен тығыз байланысты. Мәселен тәуекелділік белгісіздікті білдіреді. Себебі тәуекелге барған кәсіпкер өз ісін алдын ала болжауға мүмкіншілігі болмайды, өйткені кәсіпкер бір іс-әрекет туралы шешімді тез арада қабылдауы керек. Мұндай жағайда кәсіпкер нарықтағы жағдайды қаншалықты мұқият есептегенімен балық факторларды алдын ала толық ескере алмайды. Себебі тәуекелдікке бел байлаған кәсіпкер нарық конъюктурасын алдын тәуекелдіктің дәрежесін экономикалық бағалау өте қиынға түседі немесе мүмкін болмайды. Ал жауапкершілік шаруашылық өмірде нақты көрініс алады, оны тиісті көрсеткіштер арқылы бағалауға болады. Кәсіпкерліктің осы белгісі кәсіпкердің іскерлігіне, қиындықтарға қарсы тұра алатындығына, бәсекелесе білетіндігіне негізделген.

- Кәсіпкерліктің экономикалық табиғатына толық сипаттама беру үшін, кәсіпкердің экономикалық ойлау қабілетін ескеру керек. Кәсіпкерді өнертапқышпен салыстыруға болады. Кәсіпкер өнертапқышқа қарағанда ашқан жаңалықпен ғана шектеліп қана қоймай, ол оны парктики жүзінде тез арада пайдалануды және қысқа мерзімде тиісті нәтиже алуға тырысады. Ол үшін кәсіпкердің сол салада тиісті арнайы білімі болуы керек, сондай–ақ нарық экономикасының заңдылықтары туралы хабары болуы тиіс.

Кәсіпкерлікті ұйымдастырудың негізгі формалары

- Нарықтық экономиканың негізгі экономикалық буыны (агенті) фирма болып табылады. Фирма – иелігіне бірнемесе бірнеше кәсіпорындары бар және пайда алу мақсатында қызметкөрсету және тауар өндіру үшін ресурстарды пайдаланатын ұйым. Фирмаларды жіктеу үшін әр түрлі белгілер негізге алынады. Олар көп жағдайда екі белгі негізінде жіктелінеді: меншік формасы және фирманың көлемі негізінде. Меншіктің әр түрлі формалары кәсіпкерліктің ұйымдық-құқықтық формаларының пайда болуының және дамуының негізі болып табылады.

Меншіктің формаларына қарай кәсіпкерліктің келесі ұйымдық–құқықтық формаларын көрсетуге болады. Олар мыналар : **жеке меншіктегі кәсіпкерлік фирмалар, серіктестік, акционерлік қоғам (корпорация).**

Жеке меншіктегі кәсіпкерлік фирма деп бір адамның иелігіндегі бизнесті айтамыз, яғни фирманың мүлкі бір адамның меншігінде болады. Сондай-ақ, жеке меншіктегі кәсіпкерлік фирмалар жеке–дара кәсіпкерлікпен айналысатын, бизнестен түскен пайданы, табысты толық иемденетін, сонымен бірге оның бар ауыртпалығын, жауапкершілігі мен тәуекелшілігін өз мойнымен көтеретін жекеленген адам немесе жеке жанұя. Егер фирма нашар жұмыс істесе немесе күйресе, фирма иесі заң талаптарына сәйкес өз міндеттерін өзінің барлық жеке мүлкімен жауап берді. Яғни, бұндай фирмаларда шексіз, толық мүліктік жауапкершілік болады.

1. Жеке меншіктегі кәсіпкерлік фирмалар

- Жеке меншіктегі кәсіпкерлік фирмаларды ұйымдастыруға көп қаржы кетпейді. Жеке фирмалардың кемшіліктері қаржы көздерінің шектеулігінде және тез күйреп кетуіне байланысты коммерциялық банктер көп мөлшерде несие бермейді. Олар заңды құқығы бар мекемелерге (заңды тұлға) жатпайды, сондықтан олар тек табыс салығын ғана төлейді. Корпорация төлейтін салықтарды төлемейді. Бұндай фирмалар көп жағдайда сауда және қызмет көрсету салаларында кеңінен қолданылады.

2. Серіктестік

- Кәсіпкерліктің тағы бір түрі серіктестік қоғамдар – бірнеше адамдардың меншігіндегі фирмалар. Олар серіктестік мүшелерінің осы фирмаға қосқан мүліктерінің үлесі негізінде құрылады және пайызының (үлесінің) көлеміне байланысты, түскен пайдадан өз үлестерін алып отырады. Егер оның бір мүшесінің пайызы (үлесі) бүкіл фирма капиталының 10 пайызын құраса, онда ол фирманың таза пайдаының 10 пайызын иеленуге құқылы. Серіктестіктердің міндетті шарттарының бірі олардың мүшелерінің арасында өзара келісімінің болуы. Серіктестіктердің экономикалық қатынастарына байланысты: **жауапкершілігі шектелмеген** (толық) және **жауапкершілігі шектеулі** серіктестікке бөлінеді.

3. Акционерлік қоғам (корпорация).

Акционерлік қоғамдар – бұл да кәсіпкерлікпен айналысатын, заңды тұлғалардың бірі. Акционерлік қоғамдардың иесі және оны басқарушы, осы фирманың акциясын сатып алған азаматтар болып табылады. Акционерлік қоғамның капиталы – акцияларды шығару мен оны сату арқылы құрылады. Акция иесі осы компанияның пайдасының бір бөлігін дивиденд ретінде алуға құқылы. Әрбір акция оның иесіне акционерлер жиналысында бір дауыс береді. Акционерлік қоғамды басқару мүмкіндігін беретін акцияның 51 пайызы бақылау пакеті деп аталады. Акционерлік қоғам басшылығы жыл сайын алынған пайданың бір бөлігін дивиденд түрінде, ал бір бөлігін өндірісті кеңейтуге жұмсайды. Дивиденттер акцияның құнына байланысты процент түрінде беріледі. Мысалы бір акцияның номиналды құны 1000 теңге дивиденд 5 пайыз мөлшерінде болса, онда акция иесі бір акцияға 50 теңге алады. Егер акционерлік қоғам жыл аяғында шығынмен шықса, онда дивиденттер төленбейді. Акционерлік қоғам жауапкершілігі шектеулі компаниялардың қатарына жатады. Акционерлік қоғамның мүшелерінің жауапкершілігі акционерлік қоғамға кіру үшін салынған қаражат шеңберімен шектеледі.

- **Франчайзинг** – шағын жекеменшік фирмалар жүйесі. Олар тиісті сферада және территорияда ірі фирмалардың фабрика маркасын пайдалану туралы келісім негізінде сол компаниялардың өнімдерін сатумен шұғылданады. Мұндай келісім шарттар екі жаққа тиімді болады. Бір жағынан шағын фирмалар ірі компаниялардан тиісті болады. Екінші жағынан шағын фирмалар ірі компаниялардан тиісті көмек, несие ала алады, екіншілері өз өнімдерін сатуға ақша шығармайды, нәтижесінде ақшаларын үнемдейді.

- **Венчурлық** фирмалар ғылыми–зерттеулерді жүзеге асырумен шұғылданатын коммерциялық ұйымдар яғни, ғылыми жаңалықтар негізінде бизнес жасайды. Егер жаңа өнім сатып алушылардың қажеттіліктеріне нарық талаптарына сай келмесе онда олар шығынға ұшырауы мүмкін. Сондықтан венчурлық фирмалар жаңа өнімдердің басқа түрін өңдеуге көшуге тырысады.
- Венчурлық фирмалар Қазақстанда жаңадан құрылып дамуда.